

№ 5 «20» тамыз 2019 жылғы  
Жергілікті қоғамдастық  
жиналысының  
хаттамасымен бекітілген

**ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫ ДАМУ ТУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ,  
ПАНФИЛОВ АУДАНЫ,  
ЖАСКЕНТ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ**

2019-2021 жылдарға

Өзірлеуші: «Жаскент ауылдық округінің  
әкімінің аппараты» ММ



*Т. Әбішев*

## ЖАЛПЫ СИПАТТАМА

<p><b>Бағдарламаның атауы</b></p>	<p>Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жаскент ауылдық округінің 2019-2021 жылдарға арналған жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламасы.</p>
<p><b>Ауылдық округтің негізгі сипаттамалары</b></p>	<p>Жаскент ауылдық округі 2004 жылы құрылған.</p> <p>Округ орталығы - Головацкий ауылы болып табылады. (бұрынғы – Жастар). Головацкий ауылы «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозының төрағасы Н.Н.Головацкийдің атына орай қойылған.</p> <p>Н.Н.Головацкий - Алматы облысының Панфилов ауданындағы «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозының төрағасы, екі рет Социалистік Еңбек Ері, Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығына еңбегі сіңген қайраткер.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- 2019 жылдың 01 қаңтарына халық саны – 3652-ні құрады.</li> <li>- Округтің құрамына 2 елді мекен кіреді: Головацкий және Сүптай ауылдары.</li> <li>- Округінің жалпы көлемі–4057,0 гектар.</li> <li>- Жергілікті қоғамдастық жиналысының қалыптасу күні – 09.09.2018 ж;</li> <li>- Оларға өкілдік берілген уақыт – 2 жыл;</li> <li>- Жергілікті қоғамдастық жиналысының мүшелер саны – 13 адам;</li> <li>-</li> </ul>

*Т.Ә.С.*

## II. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

### 2.1. Жаскент ауылдық округінің 2019 жылдың 1 маусымына әлеуметтік-экономикалық даму анализі

2019 жылғы жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламасы ауыл тұрғындары мен Жаскент ауылдық округіндегі елді мекендерінің тұрғындарына қолайлы жағдай жасауды көздейді.

2019 жылғы 1 қаңтарға округ тұрғындары 3652 адамды құрады.

Округ бойынша 168 субъектілер тіркелген, оның ішінде: ЖШҚ – 115, жеке кәсіпкер - 16, ЖШС-4 тіркелген.

Шаруа қожалықтарының негізгі қызметі мал және егін шаруашылығы болып табылады.

Бағдарламада экономикалық қызмет көрсету, коммуналдық қызметтер көрсету, жұмыссыздық деңгейін төмендету, жаңа жұмыс орындарын құру және т.б мәселелер қарастырады.

Тұрмыс жағдайы төмен көп балалы отбасыларға жағдай жасау, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға өз талаптары бойынша көмек беру. Ауылдың инфрақұрылымдық жүйесінің дұрыс қалыптасып, дамуына үлес қосу. Азаматтардың салауатты өмір салтын қалыптастыруына ықпал ету.

#### Бюджет және меншікті кіріс

2018 жылға ауылдық бюджетке кірістер жоспары 276,6 % орындалды, жоспар 2844,0 мың теңге болса, орындалғаны 7866,7 мың.теңгені құрады.

2018 жылға арналған шығыстар 100 % орындалды, жоспар бойынша 22545,0 мың.теңге, жұмсалғаны 22544,0 мың.теңгені құрады, оның ішінде салалар бойынша:

- Аудандық, қала, ауыл, кент, ауылдық округтер әкімінің сала қызметтерін қамтамасыз етуге – 17412,5 мың.теңге;
- Мемлекеттік мекеменің күрделі шығыстарына – 400 мың.теңге;
- Әлеуметтік табиғи және техногенді төтенше жағдайларды болдырмау үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерв есебінен іс-шараларды жүргізуге – 330 мың.теңге;
- Елді-мекендердің көшелерін жарықтандыру – 872 мың.теңге;
- Елді-мекендердің санитарлық тазалығын қамтамасыз етуге – 430 мың.теңге;
- Елді-мекендерді көгалдандыру және абақтандыруға – 720 мың.теңге;
- Аймақтың 2020 жылға дейін даму бағдарламасы бойынша елді-мекендердің экономикалық дамуына ықпал етуге іс-шараларды орындау үшін -2379,5;

#### Кәсіпкерлік

Округте шағын және орта кәсіпорындар 168-ді құрайды, оның ішінде ЖШС -4, ШҚ – 148 және 16 жеке кәсіпкерлік бар. 10 адам жұмыспен қамтылған 10 сауда объектісі, 8 адам жұмыспен қамтылған 3 тұрмыстық қызмет объектісі, 10 адам жұмыспен қамтылған – 2 қоғамдық тамақтану объектісі қызмет етеді. Осы сала бойынша 635 адам жұмыспен қамтылған.



## **Ауыл шаруашылығы**

Ауыл шаруашылығы максатындағы барлығы 2727 га алқаптары бар, оның ішінде: жайылымдар – 990 га, суармалы жерлер – 1716 га, шабындықтар – 10 га.

2018 жылдың 1-ші қаңтарына мал басы: ірі қара – 1087 бас, оның ішінде сиырлар – 500, ұсақ малдар – 5504 бас, 476 бас жылқы, құстар – 660 басты құрады.

36 ауылшаруашылық техникалары тіркелген, оның ішінде: 28-трактор, 1-комбайн және 7 басқа техникалар;

Ағымдағы жылда «Ернар» шаруа қожалығының басшысы Т.Жапарқұл 1000 бас ірі қара және 3000 бас ұсақ малдарға арналған мал бордақылау алаңын ашу жоспарлауда. 45 жаңа жұмыс орны ашылады.

## **Сумен қамтамасыз ету**

Округтегі тұрғындарды ауыз сумен Жаркент қаласындағы «Панфилов Су құбыры» және ЖК «Бергенбеков» қамтамасыз етеді.

Округ бойынша су құбырының желілері 10 км құрайды. Орталықтандырылған сумен жабдықталған пайдаланатын халық саны – 3652, 100 %-ға қосылған. Головацкий ауылында 1 су мұнарасы және Сүптай ауылында 3 су құбыры істейді.

Округтегі 2 мектеп, 3 балабақша, 2 дәрігерлік амбулатория, 2 мешіт, 11 сауда нүктелері орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген.

## **Электрмен жабдықтау және жылумен қамтамасыз ету**

Барлық электр желілері АҚ «ТАТЭК» теңгеріміне жатады. Головацкий ауылында 60 %-ға және Сүптай ауылында 80 %-ға ескірген. Осыған байланысты электр қуаты шығындалуда.

Жыл сайын округ тұрғындары мен тұрғын үйлер көбеюде. Осыған байланысты округте жаңа 16 көше қосылып, электр желісін жүргізу қажеттілігі туындап отыр.

Округте орталықтандырылған ШХО «Хоргос» қазандығы жұмыс істейді. Осыған көп пәтерлі 2 тұрғын үйлер қосылған.

## **Көлік және байланыс**

Көлік жолдары ұзындығы 13 км құрайды. Олардың ішінде қатты жабынмен – 9,1 км, топырақ – 3,9 км. Көшелер тек 70 %-ға асфальтталған.

2018 жылы Головацкий ауылындағы 4 көше орташа жөндеуден өтті.

Округте ұзындығы 13 км құрайтын 36 көше бар, оның ішінде тек ұзындығы 0,4 км 1 көше жарықпен қамтамасыз етілген, барлық көшелердің тек 3 %-н ғана құрайды.

Головацкий ауылындағы ұзындығы 2600 метр Тен Ин Гер көшесіне және Сүптай ауылындағы ұзындығы 1300 метр Б.Момышулы көшелеріне жарықтандыруды орнату бойынша жоба-сметалық жұмыстары жүргізіліп жатыр.

*Т.Жапарқұл*

## **Білім**

Округте 2 мектеп бар, оның ішінде типтік – 1;

1. Головацкий орта мектебі, 1986 жылы салынған, типтік ғимарат, жобалық қуаты 1176 орынды. Мектепте 100 балаға арналған шағын орталық және 30 балаға арналған мектепке дейінгі 2 топ бар. Жылыту түрі – автономды. 1-11 сыныптарда барлығы 499 оқушы оқиды. Ғимаратқа күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеген.
2. Сүптай орта мектебі, 1971 жылы салынған, ғимарат балабақшаға бейімделген, жобалық қуаты - 140 орынды. Мектепте 15 балаға арналған шағын орталық және 15 балаға арналған мектепке дейінгі 1 топ бар. Жылыту түрі – автономды. 1-11 сыныптарда барлығы 168 оқушы оқиды. Ғимаратқа күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеген.

Округте барлығы 667 оқушы оқиды.

2 мектепте – 6 интерактивті тақта, 1 мультимедиялық кабинет орнатылған. Мектептер жаңа модификацияланған кабинеттермен жабдықталған: химия – 1, физика – 1, биология -2. Қазіргі уақытта барлық мектептер интернет желісіне қосылған, компьютерлік жабдықтар 15 оқушыға 1 компьютерден келеді.

Округте 1 жеке меншік балабақша жұмыс жасайды: Головацкий ауылында 50 балаға арналаған «Арсен» балабақшасы, 2017 жылы салынған, 50 бала қамтылды.

Округтегі 3-5 жас аралығындағы балалар саны – 210, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбиленушілер саны – 210, немесе 100 %.

## **Денсаулық сақтау**

Округте 2 дәрігерлік амбулатория жұмыс істейді:

1. Головацкий ауылындағы дәрігерлік амбулаториясы, 2010 жылы салынған, типтік. 1 дәрігер және 12 орта мед.қызметкерлер жұмыс істейді. Округте 2018 жылы 110 бала дүниеге келген, 17 адам қайтыс болды. Ағымдағы жылда туылғандар – 44 бала, қайтыс болғандар – 9 адам.
2. Сүптай ауылындағы фельдшерлік-акушерлік пункт, 1987 жылы салынған. 1 дәрігер және 3 орта мед.қызметкерлер жұмыс істейді. Ғимарат заманауи талапқа сай келмейді. Күндізгі стационар палаталарына типтік бөлмелер, аяғы ауыр әйелдерге арналған бақылау бөлімдері, наукастарды қабылдайтын кабинеттер жетіспейді.

## **Мәдениет және спорт**

Сүптай ауылында 1980 жылы салынған мәдениет үйі және Головацкий ауылында 1 ауылдық кітапхана бар. Головацкий және Сүптай ауылдарындағы мәдениет үйлеріне күрделі жөндеуді талап етеді.

Мектепте 1 спорт залы бар. Головацкий ауылында 1 спорттық жүзу бассейні бар.

Дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын адамдардың саны жыл сайын артып келеді, ауданда дене шынықтыру және спортпен жүйелі айналысатындар саны 1096, немесе 30 % құрайды.



## **Жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау**

2018 жылы экономикалық белсенді халық саны – 1780 құрады. Жұмыспен қамтылған адам саны – 1702 құрады, оның ішінде: өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – 491 адам, нәтижелі жұмыспен қамтылғандар- 296, нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар- 195 адам.

2018 жылы жұмыссыздар саны – 78, жұмыссыздық деңгейі – 4,4 %.

2019 жылғы 1 маусымға округ бойынша кедейлік шегінен төмен табысты 156 отбасыға 55 млн.300 мың теңгеге жаңа форматтағы әлеуметтік көмек тағайындалды.

Округте мүгедектер саны – 68, зейнеткерлер саны – 328.

Үйде оқытылатын мүмкіндігі шектеулі 11 балаға 418,0 мың теңге әлеуметтік көмек тағайындалды.

## **Қоғамдық қауіпсіздік**

Округ аумағында 1 учаскелік пункті жұмыс істейді, өрт сөндіру бөлімі жоқ. Округ орталығы аудан орталығынан 5 км орналасқан. Қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған полигон Головацкий ауылынан 5 км жерде Жаркент қаласында орналасқан.

## **Мәселелер мен қауіптер**

Жаскент ауылдық округіндегі мәселелер мен қауіптердің қысқаша сипаттамасы:

- Головацкий ауылының мектебіне күрделі жөндеу қажет;
- Суптай ауылындағы мектепке күрделі жөндеу қажет;
- Суптай су мұнарасын күрделі жөндеуден өткізу;
- Округке қарасты Головацкий және Суптай ауылдарындағы жолдарын күрделі және орташа жөндеуден өткізу;
- Головацкий және Суптай ауылдарында мектептер мен дәрігерлік амбулаторияларға апаратын көшелерді жарықтандыру;
- Головацкий ауылындағы ұзындығы 6 км көшелерге жаңа тұрғын үйлерге электр желісін тарту;



**III. ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ  
ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАР**

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Қаржыландыру көлемі (мың, теңге)	Қаржыландыру көзі	Іске асыру мерзімі
1	2	3	4	5	6
<b>I. БІЛІМ</b>					
1.1	Головацкий орта мектебін күрделі жөндеуден өткізуге жоба-сметалық құжаттарын дайындау	Ақпарат	22000	Жергілікті бюджет	2020 ж
1.2	Головацкий орта мектебін күрделі жөндеуден өткізу	Қабылдау актісі	450000	Жергілікті бюджет	2021 ж
1.3	Сүптай орта мектебін күрделі жөндеуден өткізуге жоба-сметалық құжаттарын дайындау	Ақпарат	12000	Жергілікті бюджет	2020 ж
1.4	Сүптай орта мектебін күрделі жөндеуден өткізу	Қабылдау актісі	250000	Жергілікті бюджет	2021 ж
<b>II. ТҰРҒЫН-ҮЙ КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ</b>					
2.1	Головацкий ауылындағы ұзындығы 2600 м. Ген Ин Гер көшесінің жарықтандыру құрылғысын орнатуға жоба-сметалық құжаттарын дайындау	Ақпарат	2700	Жергілікті бюджет	2019
2.2	Головацкий ауылындағы ұзындығы 2600 м. Ген Ин Гер көшесінің жарықтандыру құрылғысын орнату	Қабылдау актісі	21758	Жергілікті бюджет	2020 ж

2.3	Сүптай ауылындағы ұзындығы 1300 м. Б.Момышұлы көшесіне жарықтандыру құрылғысын орнатуға жоба-сметалық құжаттарын дайындау	Ақпарат	17500	Жергілікті бюджет	2020 ж
2.4	Сүптай ауылындағы ұзындығы 1300 м. Б.Момышұлы көшесіне жарықтандыру құрылғысын орнату	Қабылдау актісі	17500	Жергілікті бюджет	2021 ж
2.5	Сүптай ауылындағы сумен жабдықтау желісі мен су мұнарасын күрделі жөндеуден өткізуге жоба-сметалық құжаттарын дайындау	Ақпарат	7500	Местный бюджет	2020 г
2.6	Сүптай ауылындағы сумен жабдықтау желісі мен су мұнарасын күрделі жөндеуден өткізу	Қабылдау актісі	150000	Жергілікті бюджет	2021 ж
<b>III. КӨЛІК ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС</b>					
3.1	Головацкий ауылындағы ұзындығы 7 км, Сырым батыр, Ырысты, Әйтеке би, Махмуд Қашқари, Майқы би, Бейбарыс Сұлтан, Қарасай батыр, Қайрат Рысқұлбеков, М.Мақатаев, С.Сейфуллин, Құрманғазы, Б.Шолақ, М.Әуезов, Қорқыт ата, Біржан сал, Ақан сері көшелеріне орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу	Қабылдау актісі	105000	Жергілікті бюджет	2020-2021 ж



3.2	Сүптай ауылындағы ұзындығы 1,8 км, Б.Момышұлы және Абай көшелерін орташа жөндеуден өткізу	Қабылдау актісі	27000	Жергілікті бюджет	2021 ж
3.3	Головацкий ауылындағы ұзындығы 3 км, Бейбітшілік, Тен Ин Гер, Құрылыс көшелеріне орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу	Қабылдау актісі	45000	Жергілікті бюджет	2021 ж

Жаскент ауылдық округінің әкімі



С.Бакетов